

bl.group.name__age

Балаларға арналған әңгімелер: Тұрдыақын Жексенбай «Торғай мен көбелек»

Тұрдақын Жексенбай «Торғай мен көбелек».

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді. Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген. Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді. Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлттарып қаша берді, қаша берді. Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді. Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді. Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп құды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті. Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың көйлегіндегі гүлге барып қона қалды. Содан мысы құрыған екі торғай енді оған жуый алмай, жай-жайына кетісті. Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып, тағы да шырын сора бастады.



